# Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қарашадағы N 1085 және 2009 жылғы 13 қаңтардағы N 6 қаулыларына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 17 ақпандағы N 180 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер енгізілсін:

1) "Қазақстан Республикасы Үкіметінің, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің және Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің Экономиканы және қаржы жүйесін тұрақтандыру жөніндегі 2009 - 2010 жылдарға арналған бірлескен іс-қимыл жоспары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қарашадағы N 1085 қаулысында :

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің және Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің Экономиканы және қаржы жүйесін тұрақтандыру жөніндегі 2009 - 2010 жылдарға арналған бірлескен іс-қимыл жоспарында:

"Жылжымайтын мүлік нарығындағы проблемаларды шешу" деген бөлімде :

бірінші абзацтағы "Астана мен Алматы қалаларында", "Алматы және Астана қалаларында" деген сөздер "Астана, Алматы қалалары мен Алматы облысында", " Алматы, Астана қалаларында және Алматы облысында" деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақтағы "10,5 % - 12,5 %" деген сандар "9 % - 11 %" деген сандармен ауыстырылсын;

4-тармақтың бірінші абзацындағы "Астана және Алматы қалаларының" деген сөздер "Астана, Алматы қалалары мен Алматы облысының" деген сөздермен ауыстырылсын;

"Шағын және орта бизнесті қолдау" деген бөлімде:

төртінші абзацтағы "14 %" деген сандар "12,5 %" деген сандармен ауыстырылсын;

2) "Қазақстан Республикасы Үкіметінің, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің және Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен бақылау агенттігінің Экономиканы және қаржы жүйесін тұрақтандыру жөніндегі 2009 - 2010 жылдарға арналған бірлескен іс-қимыл жоспарын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 13 қаңтардағы N 6 қаулысында :

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің, Қазақстан

Республикасы Ұлттық Банкінің және Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің Экономиканы және қаржы жүйесін тұрақтандыру жөніндегі 2009 - 2010 жылдарға арналған бірлескен іс-қимыл жоспарын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарында :

"Жылжымайтын мүлік нарығындағы проблемаларды шешу" деген III бөлімде:

"Жылжымайтын мүлік нарығындағы проблемаларды шешу жөніндегі жаңа тетіктерді іске асыру" деген кіші бөлімде:

2) тармақшаның екінші абзацындағы "12,5 %" деген сандар "11 %" деген сандармен ауыстырылсын;

10-тармақта:

1) тармақшадағы "12,5 %" деген сандар "11 %" деген сандармен ауыстырылсын;

2) тармақшадағы "10,5 %" және "12,5 %" деген сандар "9 %" және "11 %" деген сандармен ауыстырылсын;

"Шағын және орта бизнесті қолдау" деген IV бөлімде:

1-тармақта:

"-жылдық 12,5 %-дан аспайтын номиналдық ставка бойынша және" деген сөздер алынып тасталсын;

"14 %" деген сандар "12,5 %" деген сандармен ауыстырылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы*

*Премьер-Министрі К. Мәсімов*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК